

БІЗ ҰСЫНАР КІТАПТАР

Адам өз дүниетанымын түрлі кітаптар оқып дамытады. Соның ішінде әдеби кітаптарды айтпасқа болмас. Біздің қара шаңырақ ҚазҰУ-да да бұл жағдай қарастырылған. Ол «Оқуға тиіс 100 кітап». Оның ішінде Халық ауыз әдебиетінен бастап, қазіргі таңдағы ақын, жазушыларға дейін бар десем қателеспесін. Енді бүгін соның ішіндегі Халық ауыз әдебиетіне кеңінен тоқталып өтсем.

Адам өмірінде тәлім – тәрбиенің маңызының зор екенін терең түсінген олардың ешқайсысы да осы тақырыпты айналып өте алмады.

Қазақ зиялыларының тәлім – тәрбиелік беру жөніндегі құндылықтары елжандылық, халқы үшін адал қызмет ету екенін өз еңбектерінде терең түсіндіре алды. Ұлтжандылықтың, елін сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген ежелгі қазақ ақын – жыраулары, ойшылдары өз шығармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті, көп көңіл бөліп, халықты елі үшін жанын жеда етуге, жастарды елжандылық рухы тәрбиелеуге баса көңіл бөледі.

Жастарды елжандылық рухта тәрбиелеу жауынгер жыршысы Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде өзекті орын алады. Ол өз еңбектерінде жастарды ерлікке, Отан сүюшілікке, ар – намысты қорғауға, адамгершілікке уағыздайды. Ақынның қай өлеңін алсақ та, халыққа адал қызмет ет, еліңді, жеріңді жаудан қасық қанық қалғанша қорға, әділет үшін, халық үшін өкінбей өлу азамат ердің ісі деген аталы сөз өрнектеледі. Осындай халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс - әрекетке баулиды. Махамбет, Ақтанберді, Шал, т.б. ақын-жыраулар шығармасында ерекше сөз болатын ерлік, Отанын, елін жерін жаудан қорғай білушілік, отбасы, ауыл-аймақ, ел намысын қорғау жолында жан аямаушылық сияқты ізгі қасиеттерді дәріптей отырып, жастардың бойына елжандылық пен интернационализмді, гуманистік қасиеттерді сіңіре аламыз.

ЖИЕНБАЕВ К., ЗАЙНОЛЛА Т., САРСЕНБАЕВА А.Т.

БҮГІНГІ ШӘКІРТ ТҰЛҒАСЫ

«Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» дейді Ахмет Байтұрсынұв.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Ғылым мен технологияның дамыған заманында білім беру саласы да қарқынды дамуда. Қазіргі таңда ауыл мектептері жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша білімдерін жетілдіру үстінде. Ендеше заманына қарай амалы, демекші бұрынғы кездегідей қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткен уақыт. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», – деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру – қоғамның басты мәселесі. Мұғалімдердің кәсіби даму үдерісін дамыту барысында мектептің даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпараттық технологияны меңгеру, жан-жақты ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған.

Ал мұғалім үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс-тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның сабақтары да қызықты, бала үшін тиімді болмақ.

КАНАТАЕВА С.Б.,

Нұр-Сұлтан қаласы, Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының физика пәні мұғалімі

БИОМЕДИЦИНА ЖАЙЛЫ БІРЕР ОЙ

Биомедицина саласы бүгінгі таңда қарқынды түрде дамуда. Соның әсерінен болар, біраз мемлекеттер бізбен серіктес болуға ниеттеніп отыр. Соның ішінде, Оңтүстік Кореяның инвесторлары ҚазҰУ-дың студенттік ауруханасының құрылысын қаржыландыруға ниетті. Бұл туралы ҚазҰУ басшылығы DK Consultants компаниясының президенті Дэвид Ким бастаған Корея делегациясымен кездесу барысында айтқан еді.

Өткен жылдағы ол кездесуі еске ала кетсек, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев биомедицина кластері саласындағы университеттің қызметі, академиялық ұтқырлық бағдарламасының студенттері мен оқытушылары үнемі араласатын Оңтүстік Корея университеттерімен ынтымақтастық туралы және университеттің жоспарлары мен болашақ жобалары туралы айтып берген болатын.

Атап өту керек, университеттің ғылыми білім беру және ауруханадағы тәжірибені жалғастыру үшін Алматы қаласының әкімдігі ҚазҰУ ұжымына қалалық емханалардың бірін пайдалануға берген болатын. Бұл халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырып қана қоймай, ғалымдардың тәжірибесі мен диалогын, денсаулық сақтаудың түрлі салаларында медицина факультетінің ҚДСЖМ студенттеріне, жас дәрігерлер мен мамандарға тәжірибе алмасуға және біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл да болса, біздің тұрақты даму үстінде екендігімізді көрсетеді.

Амангелді Әсем Романқызы,

Мансұр Береке Бахытқызы,

Сарсембаева Айғаным Тнысбековна

ҮЛКЕН ҮМІТ КҮТЕМІЗ, ОСЫ ЖАСТАН...

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары, Елбасының Жолдауына сәйкес өздерінен кірісуде. Биылғы жыл-жастар жылы. Осыған орай біздің күтеріміз көп. Біз жастардың ең үздік бастамалары мемлекеттік ұйымдардың барлық деңгейіндегі тиісті ресурстардан қолдау табады деп сенеміз! Осыған орай Біз үлкен ынтымақ Президенттің тапсырмасын қолға ала отырып, талантты жастардың идеялары мен стартаптарына көмек көрсету мақсатында арнайы грант табыстайтын бизнес-құрылымдарға ұсыныс тастаймыз. Біздің ұсынысымыз ары қарай кең көлемде жүзеге асырылса, онда ол қоғамда қолайлы инновациялық орта жасауға, әрі жастардың күш-жігері мен шығармашылығының жасампаз күшке айналуына мүмкіндік береді.

Біз еліміздің жастарын «Жастардың шығармашылығы мен күш-жігері – еліміздің инновациялық дамуы үшін» атты жобаға белсенді түрде қатысуға және өз білімдерін, біліктілік пен шығармашылықтарын жаңа креативті идеялар мен инновацияларды ойлап табуға бағыттауға шақырамыз. Қазақстанның ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуы толығымен бізге байланысты. Тағы да рейтинг бойынша, әңгіме қозғасақ. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Academic Ranking of World Universities-European Standard» («ARES») атты беделді еуропалық рейтингісі бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындарының арасында көшбасшы болды. Ол өзінің «AA» көрсеткіштері бойынша еуропалық жетекші университеттердің қатарына кіріп, «A+» және одан төмен бағаларға ие болған басқа қазақстандық ЖОО-дың анағұрлым алдында тұр.

Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы жүргізетін жоғары оқу орындарының рейтингінде келесі көрсеткіштер ескеріледі: жоғары сапалы білім беру; зерттеу және инновациялық қызмет, жұмыс берушілердің түлектерге сұранысы және т.б. Университеттердің студенттерді кәсіби білім мен біліктілікпен, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысумен, сондай-ақ болашақ жұмыс берушілермен байланыс орнатумен қамтамасыз етуге қабілеттілігіне ерекше назар аударылады.

«ARES» халықаралық рейтингісі 2011 жылдан бері жүргізілуде, ол мемлекеттер бойынша қызметі еуропалық стандарттарға сәйкес келетін университеттерді саралайды. Биылғы жылы аталмыш рейтингте Қазақстанның 96 жоғары оқу орны қатысты. «ARES»-тің нәтижелері әлемнің жетекші рейтингтік агенттіктерімен ескеріледі.

ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі ғылыми-зерттеу университетіне айналу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде және ғаламдық ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, бұл оның халықаралық рейтингілерде табысты ілгерілеуіне ықпал етеді.

РЫСБЕКОВА А., ЖУСУПОВ М.А.

КӨККЕ ӨРЛЕ, ТЕК КӨККЕ ӨРЛЕ

Келесі кезекте қара шаңырақтағы түлектер жайында сөз қозғасақ. Университет тек білім ғана емес, студентті жан-жақты жағынан көрсетері сөзсіз. Солардың бірі әрі бірегейіне тоқтала өтсек.

Түлекке байланысты сөз қозғалғандықтан, біз өткен уақытқа, яғни ҚазҰУ-дың Ақпараттық технологиялар факультетінде «Relog» start-up жобасының негізін қалаушы, механика-математика факультетінің түлегі Бауыржан Рүстемовпен кездесуді еске алсақ.

ҚазҰУ түлектер қауымдастығының ұйымдастыруымен өткен бұл кездесуде болашақта өздерінің start-up жобаларын қолға алып дамытқысы келетін студенттер үшін мотивациялық шеберлік және өз-өздерін дамыту сабағы түрінде көрсетілді. Б. Рүстемов қазіргі таңдағы start-up жобалардың қай бағытта қарқынды жұмыс жасап жатқандығын айтып, мақсатқа жету жолындағы қыр-сырларымен бөлісті.

«Өздеріңіздің шеберліктеріңізді әрқашан да дамытып отырыңыздар, кез келген жаңа бір білімді игеру барысында шығармашылық тәсілмен шешуге тырысыңыз. Сонымен қатар белгілі бір жобаны 10-15 жыл бойы қызмет жасайтындай жан-жақты қылып жасаңыздар. Және де ең бастысы егер де сіз өз жобаларыңыздың көпшілік тарапынан танымалдылыққа ие болып, ұзақ уақыт қолданыста болғанын қаласаңыздар, онда жобаны бүкіл әлем түсінетіндей деңгейде жасау өте маңызды. Сондай-ақ start-up жоба жасаудағы ең маңызды бөліктердің бірі – ол толыққанды тобыңның болуы, және де олардың кәсіби әрі білікті маман болуымен қатар жұмысты жылдам әрі тез жасай білуі өте маңызды рөл атқарады», – деді жоба басшысы Б.Рүстемов. Жастар – болашақтан үлкен үміт күттіретін тұлғалар. Сол үшін де, олардың қандай мамандық таңдағаны, өзінің сүйікті ісінің маманы болуы міндетті деп білеміз. Осыған қарамастан, университет қабырғасында студент оқу барысында жан-жақты дамып, өзінің басқа қырларын да ашып жатады. Олардың арасында небір атақты тұлғалардың шығары да сондықтан болар. Сондай тұлғалардың бірі, қара шаңырақ түлегі Бауыржан Рүстемов бастаған Start-up компаниясының мүмкіндіктерін айта кетуді жөн көріп отырмыз.

Start-up компаниясының негізгі міндеттері курьерлік, логистикалық, дистрибьютерлік компанияларға өздерінің көліктерін, уақыттарын және бағыттарын дұрыс таңдауға мүмкіндік беру. Қазіргі ірі компаниялар қолдағы барын дұрыс қолданбай жатады. Аталмыш компания бұл мәселені оңай шешіп, сандық жүйені жүктеп алу арқылы шығатын шығындарын 55 пайызға дейін азайтқан. Осы бағдарламаны бүгін де еліміздің және де Ресей, Украина, Белорус елдерінің 100-ден астам ірі компаниялар қолданады. Алдағы уақытта компания өз қызметтерін ТМД елдерінен бөлек аймақтарға да ұсынуды жоспарлап отыр.

Кездесу барысында Ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Уалшер Тукеев болашақта ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар факультеті кафедраларының филиалы «Relog» компаниясында ашылуы жоспарланып отырғандығы жайлы да айтылды.

Осындай кездесулерде ҚазҰУ студенттері өздерін ойландырған сұрақтарын қойып, ақыл-кеңестер мен start-up жобаларын дамытуда қандай маңызды мәселелерге көңіл бөлу керектігі туралы шеберлік сабақтарын алып қайтты.

ЖАЙЛАУБАЙ Б., БЕЛИСАРОВА Ф.Б.